

2014 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 390 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 111-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2014 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мүдделі республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен бірлесіп, тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізісін.

3. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы қаулыға қол қойылған сәттен бастап бір ай мерзімде стратегиялық жоспарларға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізісін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

23

сәуірдегі

№

390

қаулысына

қосымша

2014 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету

мың теңге

Функционалдық топ			Атауы	Өзгерістер (+/-)
	Әкімші			
		Бағдарлама		
			II. Шығындар	0
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	-525 441
	101		Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі	562 652
		005	Ведомстволық бағыныстағы мекемелердің күрделі шығыстары	38 644
		008	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасының қызметін қамтамасыз ету	524 008

	104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	-1 088 093
		004	Ведомстволық бағыныстағы мекемелердің күрделі шығыстары	-38 644
		011	Назарбаев орталығының қызметін қамтамасыз ету	-1 049 449
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	525 441
	238		Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі	525 441
		010	Тарихи-мәдени мұраларды сақтауды қамтамасыз ету	525 441

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК